Саяси режимдер интеграцияның артықшылықтарын түсінеді, жалпы бағытты дамытуға және интеграция кезеңдерін анықтауга, сондай-ақ жекелеген өкілеттіктерді ұлттықтан жоғары органдарға біртіндеп берілуін қамтамасыз етеді. Мұндай органдардың пайда болуы интеграциялық даму сатыларының көрсеткіші болып табылады

2-сурет – Интеграция дамуы алғышарттарының сипаттамасы.

*Ескерту.* [2, 13 б.] әдебиет негізінде құрастырылды.

Біздің ойымызша, интеграция дегеніміз – екі немесе одан да көп тәуелсіз экономикалық субъектілердің әрқайсысының мұддесі үшін тиімді бірлескен ынтымақтастықты жүзеге асыру максатында олардың арасында азаматтық-құқықтық актілер жасасу арқылы келісілген әртүрлі типтегі және байланыс нысандарын құру арқылы ерікті бірлестік.

Егер әлемдік экономикамен интеграция болмаса, аймақтық шаруашылықтардың жеке дамуы олардың тиімділігінің төмендеуімен бірге жүреді. Жекелеген елдер өнірлерінің географиялық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жақындығы өнірлердің бірыңғай шаруашылық кешендеріне интеграциялануына және халықаралық қатынастар жүйесінің сапалы қайта құрылуына ықпал етеді [21]. Экономикалық интеграция мәселелерін қарастыратын ғылыми еңбектерді талдау мега, макро, мезо және микро деңгейлерде зерттеулердің басым екендігі туралы қорытынды жасауга мүмкіндік береді. Мемлекеттердің өзара іс-қимылы аймақтық деңгейде жүреді. Анықтаманы неғұрлым нақтырақ тұжырымдауга мүмкіндік беретін интеграцияның деңгейлерін келесідей деңгейге бөліп қарастыруға болады (3-сурет).



3-сурет – Интеграциялық үдерістері деңгейлерінің жіктелуі.

*Ескерту. Әдебиет негізінде құралған [22].*

мега деңгейде әлемдік шаруашылық, жекелеген мемлекеттердің интеграциялық топтары;  
макро деңгейде бұл тұжырымдамаға мемлекеттік шекараға шығатын барлық аймақтары;  
мезо деңгейге сыртқы шекараларының бір бөлігі мемлекеттік шекарамен сәйкес келетін шекаралас аймақтардың әкімшілік аудандары;  
микро деңгейге шағын деңгейге мемлекеттік шекараға кіретін елді мекендерді қамтитын шекара маңы белдеуі жатады.

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде өнеркәсіптегі интеграциялық бірлестіктер институционалды органды маңызды элементі болып табылады, еңбек өнімділігі мен өнеркәсіптік өндіріс тиімділігінің артуына қолайлы жағдай жасау тұрғысынан ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Халықаралық экономикалық интеграцияның әсерлерін зерттеу кезінде жаңа экономикалық география аясында кеңістіктік қозғалыспен тығыз байланысты орталықта тарту күштерінің өзара іс-қимылына және өндіріс факторларына ерекше назар аудару керек.

Сонымен, экономикалық интеграцияның дамуы елдерге шикізат пен отын ресурстарын, экономикалық белсенді халықты тиімді пайдалануға, қарапайым экономикалық ынтымақтастықтан бастап, негізінен саудаға негізделген аумақтық еңбек бөлінісін жақсартуға қомектеседі [23]. Теориялық алғышарттарды зерттеу барысында ұзақ уақыт бойы экономикалық ғылымда «экономикалық интеграция» тек мемлекеттер арасындағы еңбек бөлінісінің нәтижесі болып табылады деген көзқарас басым болды деп айтуда тұра келеді.

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына байланысты экономикалық интеграция мемлекет пен ұлттық шаруашылық салаларындағы өндірушілер тарапынан басқарылатын үдеріс екеніне көзіміз жетті. Осылан Қазақстанның «Еуропага жол», «Жаңа Жібек жолы» т.б. халықаралық экономикалық қатынастардың мемлекеттік стратегиялық бағдарламалары күэ болып отыр. Оның географиялық таралуы шынымен де ғаламдық болғандықтан, экономикалық интеграция үдерісі шынайы жаһандық саяси құбылысқа айналды.

**Корытынды.** Корытындылай келе, мақала аясында берілген алыс және жақын шет елдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған ғылыми көзқарастарды басшылыққа ала отырып, біз өзіміздің зерттеуімізде экономикалық интеграция жеке елдердің ұлттық шаруашылықтарын дамыту мақсатындағы тек біргіп әрекет етү үдерісі ғана емес, сонымен қатар ортақ экономикалық мұдделеріне сәйкес біртүрлі немесе әртүрлі өнім шығарудағы кәсіпорындардың, фирмалардың, компа-

ниялардың, корпорациялар мен ТҮК өзара байланыстылығы мен кооперациялану үдерісі деген көзқарасты ұстанамыз. Әлемдік тәжірибелі ескере отырып, интеграцияның теориялық негіздерін зерттеу алдағы ғылыми теориялардың жіктелуін анықтауга мүмкіндік береді деп сенеміз.

### ӘДЕБІЕТ

- [1] Сансызбаева А.Б., Мазбаев О.Б., Саипов А.А., Асипова Ж.М. Экономикалық интеграция үрдісінің теориялық негіздері // География және геоэкология мәселелері – Хабаршысы Ғылыми журнал. – Алматы, 2019. – Б. 38-45.
- [2] Шеръязданова К.Г. Современные интеграционные процессы: учеб. пос. – Изд. 2-е., доп. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 12 с.
- [3] Онгоро Т. Н. Международная экономическая интеграция: эволюция и границы понятия // Проблемы современной экономики. – 2008. – № 3(27). URL: <http://www.mecconomy.ru/art.php?nArtId=2162> (дата обращения 25.11.2020).
- [4] Стрежнева М. В. Интеграция и вовлечение как инструменты глобального управления // Современная мировая политика: прикладной анализ / Под ред. А. Д. Богатурова. – М., 2009. – С. 537-557.
- [5] Философский энциклопедический словарь / Гл. ред.: Л. Ф. Ильичёв и др. – М., 1983. – 228 с.
- [6] Мухаровский Н.В. Трансформация как форма преобразования экономики России в переходный период. – Омск: ОмГУ, 2004. – 302 с.
- [7] Deutsch K.W. et al. Political Community and the North Atlantic Area: International Organization in the Light of Historical Experience. – Princeton: Princeton University Press, 1957.
- [8] Фомишин С.В. Международные экономические отношения. – М., 2004. – С. 96-98.
- [9] Бараповский В.Г. Политическая интеграция в Западной Европе. Некоторые вопросы теории и практики. – М., 1983. 31 с.
- [10] Сартори Дж. Искажение концептов в сравнительной политологии (III) // Полис. – 2003. – № 5. – С. 67-77.
- [11] Merriam-Webster Online Dictionary:<http://www.m-w.com/dictionary/integration> <http://www.m-w.com/dictionary/integrating>
- [12] Райзенберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. – М.: ИНФРА-М, 2008. – 512 с.
- [13] Диценко Н.И. Мировая экономика: экономическая политика в открытой экономике. Ч. 2: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во СПбГТУ, 2001. – 145 с.
- [14] Овчаренко Н.Е. Модели современных интеграционных процессов. URL: <http://www.xserver.ru/user/msipr/>.
- [15] Аносова Л.А., Кабир Л.С. Экономическая интеграция в современном мире и экономический регионализм // Актуальные проблемы развития экономики. Экономика и управление. – 2014. – № 3(101). – С. 9.
- [16] Байдурин М.С. Обеспечение экономической безопасности ЕАЭС на основе развития экономической интеграции стран СНГ: Дис. ... док. экон. наук. – М., 2017. – 49 с.
- [17] Белых А.Г., Инишакова А.Г. Теория интеграции: общая политика как основа интеграции // Вопросы международно-правового регулирования. Вестник ВолГУ. – 2005. – Серия 5, вып. 7. – С. 44-45.
- [18] Ткаченко Г.Г. Географические факторы интеграции российского Дальнего Востока со странами Северо-Восточной Азии: Дис. ... канд. геогр. наук. – Владивосток, 2011. 14 с.
- [19] Иотко С.Г. Типы интеграционных объединений государств, имеющих общую границу // Территориальная дифференциация и регионализация в современном мире. – Смоленск, 2001. – С. 145-149.
- [20] Харламова В.Н. Международная экономическая интеграция. – М., 2002. – 8 с.
- [21] Воронина Л.А., Горецкая Е.О. Экономическая интеграция регионов в мировое хозяйство // Вопросы экономики. – 2007. – № 18(258). – С. 58.
- [22] Джанталеева М.Ш. Государственная политика приграничного сотрудничества России (на примере Астраханской области): Дис. ... док. филос. наук. – Астрахань, 2015. – 29 с.
- [23] Панова М.В. Трансформация территориально-отраслевой структуры экономики Венгрии в условиях евроинтеграции: Дис. ... канд. геогр. наук. – Санкт-Петербург, 2016. – 10 с.

### REFERENCES

- [1] Sansyzbayeva A.B., Mazbayev O.B., Saipov A.A., Assipova Zh.M. Theoretical foundations of economic integration processes // Questions of geography and Geoecology. 2019. No. 4. P. 38-45 (in Kaz.).
- [2] Sheryazdanova K.G. Modern integration processes: studies'. pos. 2nd ed., add. Almaty: Kazak university, 2016. 12 p. (in Russ.).
- [3] Ongoro T.N. international economic integration: evolution and borders of the concept // Problems of the modern economy. 2008. No. 3(27). URL: <http://www.mecconomy.ru/art.php?nArtId=2162> (accessed 25.11.2020) (in Russ.).
- [4] Strezhneva M.V. Integration and involvement as tools of global management // Modern world politics: applied analysis / Ed. by A. D. Bogaturov. M., 2009. P. 537-557 (in Russ.).
- [5] Philosophical encyclopedia / Editor's note L. F. Ilyichev et al. M., 1983. 228 p. (in Russ.).
- [6] Mukharovsky N.V. Transformation as a form of transformation of the Russian economy in the transition period. Omsk: OmSU, 2004. 302 p. (in Russ.).
- [7] Deutsch K.W. et al. Political Community and the North Atlantic Area: International Organization in the Light of Historical Experience. Princeton: Princeton University Press, 1957.
- [8] Fomishin S.V. International economic relations. M., 2004. P. 96-98 (in Russ.).
- [9] Baranovsky V.G. Political integration in Western Europe. Some questions of theory and practice. M., 1983. 31 p. (in Russ.).

- [10] Sartori John. Distortion of concepts in comparative political science (III) // Polis. 2003. No. 5. P. 67-77 (in Russ.).  
[11] Merriam-Webster Online Dictionary:<http://www.m-w.com/dictionary/integration> <http://www.m-w.com/dictionary/integrating> <http://www.m-w.com/dictionary/unite>.  
[12] Reisenberg B.A., Lozovsky L.Sh., Starodubtseva E.B. Modern economic dictionary. M.: INFRA-M, 2008. 512 p. (in Russ.).  
[13] Didenko N.I. World economy: economic policy in an open economy. Part 2: Tutorial. SPb.: SPbSTU publishing House, 2001. 145 p. (in Russ.).  
[14] Ovcharenko N.E. Model of modern integration processes. URL: <http://www.xserver.ru/user/msipr/> (in Russ.).  
[15] Anosova L.A., Kabir L.S. Economic integration in the modern world and economic regionalism // Actual problems of economic development. Economics and management. 2014. No. 3(101). P. 9 (in Russ.).  
[16] Baidurin M.S. Ensuring the economic security of the EAEU based on the development of economic integration of the CIS countries: Dis. on competition of a scientific degree. academic step. Doc. Econ. M., 2017. 49 p. (in Russ.).  
[17] Belykh A.G., Inshakova A.G. Theory of integration: General policy as the basis of integration // Issues of international legal regulation. Bulletin of the Volga. 2005. Series 5, issue 7. P. 44-45 (in Russ.).  
[18] Tkachenko G.G. Geographical factors of integration of the Russian Far East with the countries of North-East Asia: Dis. ... Cand. geogr. nauk. Vladivostok, 2011. 14 p. (in Russ.).  
[19] Iotko S.G. Types of integration associations of States that have a common border // Territorial differentiation and regionalization in the modern world. Smolensk, 2001. P. 145-149 (in Russ.).  
[20] Kharlamova V.N. International economic integration. M., 2002. 8 p. (in Russ.).  
[21] Voronina L.A., Goretskaya E.O. Economic integration of regions in the world economy // Questions of Economics. 2007. No. 18(258). P. 58 (in Russ.).  
[22] Jantaleeva M.Sh. State policy of cross-border cooperation of Russia (on the example of the Astrakhan region): Dis. ... Doc.filos.s. Astrakhan, 2015. 29 p. (in Russ.).  
[23] Panova M.V. Transformation of the territorial and sectoral structure of the Hungarian economy in the context of European integration: Dis. ... Cand.geogr.s. Saint Petersburg, 2016. 10 p. (in Russ.).

**A. Б. Сансызбаева<sup>1</sup>, А. А. Саипов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторант, кафедры физической и экономической географии  
(Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилёва, Нур-Султан, Казахстан)  
<sup>2</sup>Д.п.н., профессор кафедры физической и экономической географии  
(Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилёва, Нур-Султан, Казахстан)

### **ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ**

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию теоретико-методологической основы понятия «интеграция» и связанных с ним научных концепций и понятий. Особое внимание авторы уделяют анализу классической европейской теории классификации направлений развития интеграционных процессов. Также объясняется эволюция этого явления, рассматриваемого в рамках различных научных школ (неолиберализм, корпорационизм, структурализм, неокейнсианство, dirigisme). Для определения теоретико-методологического и прикладного значения понятия «мировая экономическая интеграция» проведен комплексный анализ взглядов зарубежных авторов.

**Ключевые слова:** интеграция, экономическая интеграция, граница, рынок, промышленность, предприятие.

**A. B. Sansyzbayeva<sup>1</sup>, A. A. Saipov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD student of the Department of Physical and Economic Geography  
(Eurasian national university named after L. N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan)  
<sup>2</sup>Doctor of Sciences in Pedagogical, Professor of the Department of Physical and Economic Geography  
(Eurasian national university named after L. N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan)

### **THEORETICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF ECONOMIC INTEGRATION**

**Abstract.** This article is devoted to the study of the theoretical and methodological basis of the concept of "integration" and related scientific concepts and concepts. The authors pay special attention to the analysis of the classical European theory of classification of theoretical directions of development of integration processes. It also explains the evolution of this phenomenon is considered in the framework of different schools of thought (neo-liberalism, corporationism, structuralism, neokeynesians, the dirigisme). To determine the theoretical, methodological and applied meaning of the concept of "world economic integration", a comprehensive analysis of the views of foreign authors is carried out.

**Keywords:** integration, economic integration, border, market, industry, enterprise.

ӘӨЖ 9.433.91

**Ж. М. Жұматаева<sup>1</sup>, Ә. Т. Мылқайдаров<sup>2</sup>, Ж. К. Мукалиев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>«География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының магистранты  
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

<sup>2</sup>«География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының г.р.к., доцент м.а.  
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

<sup>3</sup>«Картография және геоинформатика» кафедрасының PhD студенті  
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰБЫР КӨЛІГІ ДАМУЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

**Аннотация.** Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық маңызды рөлдерінің бірі мұнай-газ саласы, сондықтан оның тасымалын атқаратын құбыр көлігінің қызметі маңызы жағынан өте жоғары болып табылады. Еліміз әлемде мұнай мен газ экспорты бойынша жетекші елдердің бірі. Соңғы жылдары мұнай-газ секторына жыл сайынғы инвестициялар көлемі екі еседен астам өсті. Соңғы жылдары мұнай-газ секторына жыл сайынғы инвестиациялар көлемі артуда. Құбырлар құрылышының ірі жобалары іске асырылуда және өндірістік қуаттарды көзінде үшін жақсы мүмкіндіктер жасалуда. Құбыр көлігінің дамуы еліміздің энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі болып келеді. Сондыктан қазіргі заманғы құбыр көлігі колданыстағы құбыр жүйесінің мүмкіндіктерін жетілдірусіз және ұтымды пайдаланбау мүмкін емес.

**Түйін сөздер:** газ құбыры, мұнай құбыры, құбыр көлігі, көлік жүйесі, экспорт, импорт, географиялық жағдай, географиялық аумақ.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасындағы құбыр көлігінің даму стратегиясының іске асырылуы мемлекеттен экономиканың барлық саласын қарқынды да сапалы дамытуға және кадр әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді күш-жігерді талап етеді. ҚҰБЫР КӨЛІГІнің дамуы көп жағдайда әр өнірдің көлік инфрақұрылымы дамуының дәрежесіне байланысты. Осыған орай, өнірлердің көлік жүйесін тәнгерімді дамыту және орталықтандауды үрдісінің сақталуымен көлік қызметін мемлекеттік реттеу мәселелерінде орталық және жергілікті органдардың өзара іс-қимылын күшейту қажеттілігі барынша өзекті болып табылады [1].

Табиғаты жағынан адамдар өте қызық тірі жандар, бір нәрсеге құмар болып, алдыларына мақсат қойып, оның орындалуын күттіп, жұмыс жасап, жігерліктің арқасында болашаққа қарай ұмтыла береді. Бірақ осындағы мақсаттарды қою үшін, өткен мен қазіргі жағдайларды жетік білген абзаз. Осы тұрғыда статистикалық және экономикалық көрсеткіштер көмекке келеді. Олардың көмегімен көптеген мәселелер жан-жақты, тұпкілікті түрде зерттеуден өтіп, алға карау үшін аудай қажет мақсаттар қойылады. Бұғаңға күні құбырлар үлкен мемлекеттер мен мегаполистердің инфраструктурасында өзіндік бөлек орындары мен маңызы бар. Қазақстан әлемдік қоғамның белсенді мүшесі бола тұра, басқа да елдердің тәжірибелерін ұғына, олардың қателіктерін дұрыстап, имплементацияға енгізіп, өз қажеттіліктерін ұштай түседі.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Қазақстан республикасындағы құбыр көлігі дамуының географиялық жағдайы мен ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасау.

Зерттеу міндеттері.

– Қазақстанның құбыр көлігінің қазіргі жағдайы мен даму қарқынын жіті зерттеу, құбыр жүйесіндегі негізгі қыындықтар мен мәселелерге тоқталу.

– Құбыр көлігінің болашақтағы даму бағыттарын және оның ел экономикасындағы алатын орнын анықтау.

Жалпы экономикалық және Қазақстанның құбыр көлігі дамуының әдіснамалық аспектілері отандық ғалымдар Н. К. Исингариннің, К. Н. Надировтың еңбектерінде жарық көрді. Құбыр көлігі желісін екі топқа бөліп қарастыруға болады:

магистральдық мұнай, газ құбырлары;  
жергілікті мұнай, газ құбырлары.

Еліміз мұнай мен газ қорына бай елдердің қатарында. Республикамыздың көмірсүттерді тасымалдау үшін шамамен 10715 км көлік құбырлары пайдаланылады. Соған қарамастан, бұгінде ел алдында ішкі және халықаралық нарықтарға мұнай жеткізуге байланысты бірқатар шешілмеген проблемалар бар. Ішкі нарыққа қатысты проблемалар көптеген қорлар мен мұнай өндірудің негізгі көлемдері батыста шоғырланған, ал оның тұтынушылары (ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтар) Оңтүстік-Шығыс пен индустримальды солтүстіктегі орналасқан. Кеңестік экономикалық жүйенің мұрасы ретінде батыста өндірілген мұнай Ресей арқылы әлемдік нарықтарға тасымалданады, ал Шығыстағы ішкі қажеттілік Сібірден импорт арқылы қанағаттанырылады. Бұдан басқа, қолданыстағы құбырлардың көпшілігі бірнеше он жыл бұрын салынған. Қазіргі уақытта қалыптасқан жағдайды жақсартуға бағытталған бірнеше жоба дамудың әртүрлі кезеңдерінде тұр, бұл ретте олардың ішіндегі ең маңыздысы Каспий құбыры консорциумының (ККҚ) құбыры болып табылады [5].

**Зерттеу нәтижелері және талқылаулар.** Зерттеу барысында заманауи ГАЖ технологияларының көмегімен Қазақстан Республикасындағы мұнай газ құбырлар картасы құрастырылды (1-сурет).



1-сурет – Қазақстан Республикасындағы мұнай газ құбырлар картасы [8]

Көріп отырғанымыздай елімізде он бір басты мұнай айдау станция (БМАС) бар. Олардың басым көпшілігі еліміздің батыс аумағында орналасқан. Солтүстік аймақтарда мұнай, газ құбырлары аз шоғырланған, еліміздің шығыс жағында мұлдем шоғырланбаған десек болады.

Батыс Қазақстанда бес басты мұнай айдау станция бар, олар: Өзен БМАС, Ақтау БМАС, Қаламқас БМАС, Әлібекмола БМАС, Қенқияқ БМАС. Оңтүстік Қазақстанда Құмкөл БМАС, Шымкент БМАС, Шолақ БМАС орналып жеткізілген. Орталық Қазақстанда Атасу БМАС, Б. Жұмағалиев атындағы БМАС орналасқан. Солтүстік-шығыста Павлодар БМАС шоғырланған.

Колданыстағы ең ірі мұнай құбырлары: «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, «МұнайТас СБҚК» АҚ, «Каспий Құбыр Консорциумы». Құбырлар арқылы тасымалдаумен айналысатын компаниялар өткен жылдың қорытындысы бойынша саланың жалпы кірістерінің ең көп үлесін қамтамасыз етті. Осылайша, олар 1,33 трлн теңге табыс тапты, бұл барлық кірістердің 47,5%-ын құрады.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральды мұнай құбырларының ұзындығы 5378,47 км, шоғырланылған мұнай жүк айналымы 45,58 млрд тн·км, шоғырланған табыс 239,626 млрд теңге, шоғырланған таза табыс 45,121 млрд теңге [7].

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС – Қазақстан Республикасы және Қытай Республикасы арасындағы мұнай мен газ саласындағы жан жақты ынтымақтастықты дамыту туралы 2004 жылғы 17 мамырдағы шектік келісімге сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ мен Қытай Ұлттық мұнай мен газды барлау және өндіре жөніндегі корпорациясының (CNODC) 2004 жылғы 6 шілдедегі шешімі негізінде құрылды. Мұнай құбырларының ұзындығы – 794,263 шақырым, мұнай құбырларының ең жоғарғы өнімділігі жылына 10 млн. тонна, 2019 жылды Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырымен 5 млн. 580 мың тонна мұнай тасымалданды.

«МұнайТас СБҚК» АҚ – «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырларының бір бөлігі болып табылатын «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және эксплуатациялау мақсатында құрылған бірлескен мекеме. Мұнай құбырын жобалауды ұйымдастыру, құралдарды жеткізу және мұнай құбырын салу, мұнай тасымалдау қызметтерін көрсете отырып, оны эксплуатациялау арқылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық дамуға үлес қосу, сонымен қатар, серіктестік және достық қарым-қатынастарды нығайту, сондай-ақ, акционерлердің талабына сай кіріске қол жеткізе отырып, құбыр көлігі саласындағы қызметтерді халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру.

«Каспий Құбыр Консорциумы» – Қазақстандық мұнай экспорттық жеткізілімдерінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Жалпы ұзындығы 1 510 км (соның ішінде 452 км – қазақстандық участке) КҚК мұнай құбыры қазақстандық «Теніз» мұнай кен орны мен Қара теңіздегі «Южная Озереевка» мұнай терминалын біріктіреді (Новороссийск портының маңында). 2017 жылды КҚК құбырымен 55,1 млн тонна мұнай тасымалданған, соның ішінде 49,6 млн тонна – қазақстандық мұнай. 2017 жылдың мұнайкөлік инфрақұрылымы саласындағы маңызды оқиғаларының бірі қазақстандық участкедегі өткізу қабілеттің жылына 53,7 млн тоннаға дейін кеңейту болды. Бұл қазақстандық мұнай өндірісінің ұлғайып келе жатқан көлемдерін дүниежүзілік нарықтарға экспорттауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [7].

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың колданыстағы негізгі бағыттары Каспий, Қара және Жерорта теңіздерінің акваторияларында орналасады.

2017 жылдың сонына қарай КМТФ өндірістік активтерінде дедвейті 12 000 – 13 000 тонна 6 мұнай құю танкери Каспий теңізінде және «Aframax» типті 2 мұнай құю танкери Қара теңізде болды [10].

2018 жылды мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемінің 2%-га (130 мың тонна) аздал төмендеуі, сондай-ақ Махачкала-Баку, Турмебаши-Баку/Махачкала бағыты бойынша танкерлерді қайта бағдарлау орын алған.



2-суретте көрсетілгендей, 2019 жылды мұнайды теніз арқылы тасымалдау көлемінің 2018 жылмен салыстырғанда 5%-ға (320 мың тонна) азауы қүтіледі, бұл Ақтау-Баку, Махачкала-Баку бағыты бойынша кепілдендірілген көлемдер мен көлісімшарттардың болмауымен түсіндіріледі.

Қазақстандағы құбыр көлігінің жағдайын жетілдіру жақсы жолда, орта есеппен бұл салаға жыл сайын 320 млн-ға жуық АҚШ доллары жұмысалады, және құйылып жатқан қаражатты желілер жүйесі барынша ақтап келеді. Қазақстанның статистикалық агенттігінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, тасымалдау көрсеткіштері бойынша бұкіл көлік түрлерінен құбыр, темір жолдан кейінгі 2-ші орында орналасқан [11].

Елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету көбіне мұнайкөлік инфрақұрылымының дамуына байланысты болады. Қолданыстағы көлік инфрақұрылымы мұнайдың Қазақстанның мұнай өндеу зауыттарына және экспортқа тасымалдануын қамтамасыз етеді және транзиттік мұмкіндіктерге ие.

**Корытынды.** Экономикалық маңызға ие құбыр желілерінің тек Қазақстандағы ғана емес, әлемдегі де жағдайына мониторинг жүргізіп, пайда болу тарихы мен модификацияларға тап болуын, және олардың әрі қарайғы дамуын айқындау жұмыстары жүргізілді. Халықаралық аренадағы еліміздің дәрежесі құн сайын көтерілуде, және оған бір дәлел тұтынушылық сұраныстың әрі қарай көбеюі мен жастардың білім мен еңбекке деген құмаршылығы. Дер кезінде қабылданған үкіметтік реформалар мен Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдауы, экономикамызды алға қарай жетелеп, жәрдем бере тұра, Қазақстанның еңбек жолындағы жұмсаған қүшінің индикаторы ретінде қызмет етеді.

Қазақстандағы бұл көлік түрінің дәрежесі көк отын мен қара алтынның игілінде. Елімізде уақыттан-уақытқа газдандыру жұмыстары мен ішкі нарықтың сұраныстарын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Және жақын болашақта тек әлемнің озық елдерінде ғана емес, біздің Қазақстанда да ғылымның соңғы жаңалықтарын қолдана отырып, пневмопочта мен басқа да тенденцияларды енгізеді деп санаймын [10].

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі көлік стратегиясы. – Астана, 2006. – 112 б.
- [2] Юфин В.А. Трубопроводный транспорт нефти и газа. – М.: Недра, 2000. – С. 152-174.
- [3] Коршак А.А., Шманов Н.Н. Магистральды құбырлар. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2010. – 60-63-бб.
- [4] Ахмеджанов Т.К., Қартабай А.Т. Мұнай мен газ өндірудің техникасы мен технологиясы – Алматы: Мектеп, 2011. – 84 б.
- [5] Зиневи А.М., Глазков В.И., Котик В.Г. Защита трубопроводов и резервуаров от коррозии. – М.: Недра, 1975. – 251 с.
- [6] Агаджанов В.М., Владимиров А.Е. Трубопроводный транспорт в странах мира // Серия: трубопроводный транспорт. Итоги науки и техники. М.: ВИНТИ, 1988. – 256 с.
- [7] Trubyinfo.ru [электрондық ресурс]. История производства труб. – URL: <https://trubyinfo.ru/istoriya-proizvodstva-trub/> (қаралған күні 11.10.2020).
- [8] Чердабаев Р. Нефть Казахстана. – Астана: Атамұра, 2012. – С. 140-141.
- [9] Ахмеджанов Т.К., Қамбақов Т.У. Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдаланудың негіздері. – Алматы: Мектеп, 2011. – 94-102-66.
- [10] Карымсакова Э.С., Коршак А.А., Мовсумзаде Э.М. Развитие трубопроводной системы Казахстана. – Уфа: Нефть, газ и бизнес, 2002. – 16-21-66.
- [11] Карымсакова Э. С. Нефтепровод Узень – Гурьев – Куйбышев сегодня // Трубопроводный транспорт сегодня и завтра: Материалы международной научно-технической конференции. Научные труды. – Уфа, 2009. – 186 с.

## REFERENCES

- [1] Transport strategy of the Republic of Kazakhstan until 2015. Astana, 2006. 112 p. (in Kaz.).
- [2] Yufin V.A. Pipeline transport of oil and gas. M.: Nedra, 2000. P. 152-174 (in Russ.).
- [3] Korshak A.A., Shmanov N.N. Main pipelines. Almaty: Bayanzhurek Publishing House, 2010. P. 60-63 (in Kaz.).
- [4] Ahmedzhanov T.K., Kartabay A.T. Techniques and technology of oil and gas production. Almaty: School, 2011. 84 p. (in Kaz.).
- [5] Zinevi A.M., Glazkov V. I., Kotik V.G. Protection of pipelines and tanks from corrosion. M.: Nedra, 1975. 251 p. (in Russ.).
- [6] Agapkin V.M., Vladimirov A.E. Pipeline transport in the world // Series: Pipeline transport. Results of science and technology. M.: VINITI, 1988. 256 p. (in Russ.).
- [7] Trubyinfo.ru [electronic resource]. History of trumpet production. URL: <https://trubyinfo.ru/istoriya-proizvodstva-trub/> (viewed 11.10.2020) (in Russ.).

- [8] Cherdabayev R. Oil of Kazakhstan. Astana: Atamura, 2012. P. 140-141 (in Russ.).  
 [9] Ahmedzhanov T.K., Kambakov T.U. Basics of development and operation of oil and gas fields. Almaty: School, 2011. P. 94-102 (in Kaz.).  
 [10] Karymsakova E.S., Korshak A.A., Movsumzade E.M. Development of the pipeline system of Kazakhstan. Ufa: Oil, Gas and Business, 2002. P. 16-21 (in Russ.).  
 [11] Karymsakova E.S. Uzen-Guryev-Kuibyshev oil pipeline today Pipeline transport today and tomorrow: Materials of the international scientific-technical conference. Scientific works. Ufa: Monograph, 2009. 186 p. (in Russ.).

**Ж. М. Жұматаяева<sup>1</sup>, А. Т. Мылқайдаров<sup>2</sup>, Ж. К. Мукалиев<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Магистрант кафедры «география, землеустройство и кадастр»  
 (Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

<sup>2</sup> К.г.н., и.о. доцента кафедры «география, землеустройство и кадастр»  
 (Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

<sup>3</sup>PhD студент кафедры «картография и геоинформатика»  
 (Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

## **ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ И ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ТРУБОПРОВОДНОГО ТРАНСПОРТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Аннотация.** Одной из стратегически важных в Республике Казахстан является нефтегазовая отрасль, поэтому функции трубопроводного транспорта являются очень высокими по значимости. Страна – одна из ведущих в мире по экспорту нефти и газа. За последние шесть лет ежегодный объем инвестиций в нефтегазовый сектор вырос более чем в два раза. Реализуются крупные проекты строительства трубопроводов, созданы хорошие возможности для расширения производственных мощностей. Развитие трубопроводного транспорта является важной составляющей энергетической и экономической безопасности страны. Поэтому современный трубопроводный транспорт невозможен без совершенствования и рационального использования возможностей существующей трубопроводной системы.

**Ключевые слова:** газопровод, нефтепровод, трубопроводный транспорт, транспортная система, экспорт, импорт, географическое положение, географическая территория.

**Zh. M. Zhumatayeva<sup>1</sup>, A. T. Mylkaidarov<sup>2</sup>, Zh. K. Mukaliyev<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Master student of the Department «Geography, Land Management and Cadastre»  
 (Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan)

<sup>2</sup>Associate Professor of the, Head of the Department «Geography, Land Management and Cadastre»  
 (Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan)

<sup>3</sup>PhD student of the Department «Cartography and Geoinformatics»  
 (Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan)

## **GEOGRAPHICAL LOCATION AND FEATURES OF PIPELINE TRANSPORT DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Abstract.** One of the strategically important roles of the economy of the Republic of Kazakhstan is the oil and gas industry, so the functions of pipeline transport that performs its transportation are very high in importance. The country is one of the world's leading oil and gas exporting countries. Over the past six years, the annual volume of investment in the oil and gas sector has more than doubled. Major pipeline construction projects are being implemented, and there are good opportunities to expand production capacity. The development of pipeline transport is an important component of the country's energy and economic security. Therefore, modern pipeline transport is impossible without improving and rational use of the existing pipeline system.

**Keyword:** gas pipeline, oil pipeline, pipeline transport, transport system, export, import, geographical location, geographical territory.

Г. О. Жандосова<sup>1</sup>, Г. М. Сабденалиева<sup>2</sup>, А. К. Куспанова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Магистр, ага оқытушы (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан)

<sup>2</sup>П.ғ.к., доцент (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан)

<sup>3</sup>Магистр, ага оқытушы (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан)

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫң ТИІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ- ГЕОГРАФИЯЛЫҚ РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТИНІҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕДЕ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**Аннотация.** Мақалада мемлекеттегі қант қызылшасы шаруашылығының даму деңгейі мен қазіргі кездегі қалыптасқан жағдайы баяндалады. АгроОнеркәсіп кешенінің осы саласын дамытудың жаңа деңгейіне көтеру бағытында қаншама мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Осы уақытқа дейін қант шаруашылығында және қант өндірісінде жаңа деңгейге көтерілу немесе айтарлықтай өзгерістер болды деп айта алмаймыз. Себебі, мемлекеттің 90% тек импорттық өнімге және шикізатқа тәуелділігі осы бағдарламалардың тиімсіз нәтижесінің көрсеткіші. Осы салалар бойынша Жамбыл облысы мысалында қант шаруашылығы өндірісін кластерлік жүйеде дамытудың жолдары талданып, ұсынылады. Кластерлік жүйенің талаптарының орындалуы нәтижесінде қант қызылшасы шаруашылығында импорттық тәуелділігі барынша кемитіндігін көрсететін талдаулар көлтірлген.

**Түйін сөздер:** қант қызылшасы шаруашылығы, қант өндірісі, агроОнеркәсіп кешені, мемлекеттік бағдарламалар, кластерлік жүйе, импорт.

АгроОнеркәсіп кешені экономика салаларының ішіндегі ең ірі салааралық кешен жүйесі. Ол ауыл шаруашылығы мен женіл өнеркәсіптірді біріктіріп, ауылшаруашылығы дақылын өсіруден, оны өндеп одан дайын өнім алынып, тұтынуыша тікелей жеткізіледі. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі женіл және тамақ өнеркәсптерінің даму деңгейімен тікелей байланысты. АӨК-і қурдели әлеуметтік-экономикалық жүйе болғандықтан, оның соңғы дайын өнімі тұынушының сұранысын тольық қамтамасыз ету керек.

Қазақстанның АӨК-нің өзекті мәселелерін мемлекеттік деңгейде көтеріп дамытудың қаншама бағдарламалары қабылданды. 1991 жылдан қабылдан бағдарламаларының қатарына:

еліміздің егемендік алған жылдан бастап 1991-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі "Ауыл" әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы;

1993-1995 және 2000 жылға дейінгі агроОнеркәсіпті дамытудың тұжырымдамалық бағдарламасы;

2000-2002 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың бағдарламасы;

Мемлекеттік аграрлық азық-түлікті дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы;

2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

2006-2010 жылдарға арналған АӨК-ні тұрақты дамытудың тұжырымдамасы;

2010-2014 жылдарға арналған АӨК-ні дамыту жөніндегі бағдарламасы;

2013-2020 жылдарға арналған ҚР АӨК-сін дамыту жөніндегі "Агробизнес-2020" бағдарламасы;

2017-2021 жылдарға арналған соңғы Қазақстан Республикасының агроОнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданып іске асрылуда [1].

Бағдарламалардың басты мақсатына: *ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса қажетті түрлөрімен халықтың ішкі қажеттілігін тольық қамтамасыз ету мен экспорттық саясатты айқындауга бағытталып, міндеттеріне*: ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса қажетті түрлері бойынша халықтың ішкі қажеттілігін тольктай қамтамасыз етуге; женіл және тамақ өнеркәсптерін шетелдік шикізатқа деген тәуелділіктен босату; отандық азық-түлік өнімдерінің сапасы мен бәсекелестік қабілетін көтеру үшін ғылым мен техниканың озық жаңалықтарын мен өндірісті басқару мен шаруашылық құрылымдарын алдыңғы қатарлы әдістерін енгізу; аграрлық бизнестің тиімді жүйесін

қалыптастыру; ішкі тұтыну нарығында тамақ өнімдері импортының үлес салмағын азайту сияқты т.б. да бағыттары бекітіліп жоспарланған.

Бірақ, АӨК-ді дамытуға қанша бағдарламалар қабылданса да ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсіптің нарықтағы даму жағдайы оң көрсеткіштерге ие деп айта алмаймыз. Ел қауіпсіздігінің экономикалық көрсеткіштерінің шекті мәндеріне сәйкес азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етудің оңтайлы деңгейі – 75%-ды құрайды, Германияда бұл көрсеткіш – 92%-ға, Англияда – 72%-ға тең. Қазақстанда 2018 жылдың қорытындысы бойынша қант бойынша бұл көрсеткіш – 49%-ды құрады, бұл ретте қызылшаның тек 40 000 тоннасы немесе 10%-дан да төмен [2].

Еліміздің ауыл шаруашылығы саласы бойынша ішкі нарықтың сұранысын әлеметтік маңызы бар азық-түлік түрлері бойынша толық қамтамасыз етілген өнімнің түрі қант. Қант өнімімен Қазақстанның нарығы толық жабдықталған. Бірақ, бұл толықтай импорттың өнім. Қант импортына тәуелділік 2019 жылы 95% құрады. Отандық қант өндірісінің өнімімен ішкі сұраныстың тек 5% ғана қамтамасыз еттік. Сонда Қазақстанда қант қызылшасы шаруашылығы мен қант өндірісі өте төмен деңгейдегі, тиімсіз өндірістер қатарына жатады деген қорытындыны көрсетті.

Қазақстанның қант нарығын Ресейлік қант өнімі иемденген. Ресейде 2019 жылдың мәліметі бойынша 74 қант өндіру зауыты іске қосылған. Ресейдің қант өндірісіндегі тәуліктік үлесі 2019-2020 жылғы маусымында 60 мың тоннадан асқан [3]. Осындай зауыттарының санымен Қазақстанның қант нарығын өнімімен жауалап алған. Эрине еліміздің 4 қант зауыты мұндай алыпбен бәсекеге тұра алмайтыны анық.

Осы шаруашылық бойынша Қазақстанда қант қызылшасы саласын көтерудің қаншама бағдарламалары қабылданған еді. Бірақ бұл бағдарламалардың өз деңгейінде іске асырылмағандығының нәтижесін бақылады.

Қант халықтың құнделікті тамақтану рационында пайдаланылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімі. Экономикалық тұрғыдан алғанда, тек қант қана емес, сонымен қатар жанама өнім – жом, меласса – азық ретінде ғана емес, глицерин, спирт және т. б. өндіру кезінде де кеңінен қолданылады. Қант өнеркәсібінің жұмыс істеуін тұрақтандыру және оның тиімділігін арттыру қайта өңдеушілерді ғана емес, қызылша шикізатын өндірушілерді де экономикалық ынталандыру шаралары кешенін іске асыруды талап етеді, бұл импорт алмастыру жағдайында аса өзекті.

Қант өнеркәсібінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын бағалаудың тұжырымдамасы, әлемдік сарапшылардың бағасы бойынша қант өндірісіндегі инвестиция өтімділігі жоғары және болашағы бар шаруашылық қатарына жатады. Қант өнеркәсібінің маңыздылығы тұрғысынан қарастырғанда оның әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу және Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тамақтанудың стратегиялық маңызды өнімін өндіру тұрғысынан қаралған жөн. Қант көптеген кондитерлік саланың өнеркәсібінде және аспаздық, консервілік өнімдерді өндіруде кеңінен қолданылады. Жоғары тасымалдауга жарамды және ұзақ сақтауга жарамдылыққа ие бола отырып, азық-түліктің ұлттық резервтерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда бүтінде шикізаттың стратегиялық маңызды көзі ретінде қант қызылшасына басымдылық жасалуда.

Казіргі таңда халықаралық нарықта қант бағасы жоғары және ішкі нарықта да бұл өнімге деген сұранысы жоғары болуына қарамастан, мемлекеттіміздегі қант қызылшасы шаруашылығы мен отандық қант өндірісін дамытудың мол мүмкіндігі бар екендігіне қарамастан, болмағаннің өзінде еліміздің ішкі тұтынуын қамтамасыз етудегі мәселені шешудің тиімді жолы қарастырылмаған.

Мемлекет таралынан осы саланы жаңғырту бағытында қанша бағдарламалар қабылданған және ол түпкі нәтижесіне жетпей аяқтады, сол баяғы ескірген инфрокұрылым, қант зауыттарында технико-технологиялық жетілдіру, жаңарту жұмыстардың жүргізілгендерінен қант шаруашылығындағы қожалық иелеріне тиімсіз шаруашылық болып табылады.

Еліміздегі қант қызылшасы мен қант өндірісіндегі қалыптасқан мұндай құлдырау жағдайының себептері:


қант қызылшасын себу, өсіру, жинау жүйесіндегі техниканың жоқтығы мен оның мұлде жаңармауымен;

осы салада агроном мамандардың жоқтығымен;

элиталық тұқымдардың, тыңайтқыштардың шет елдерден сатылып алынуы және бағасының қыматтылығынан шаруа қожалықтарының мүмкіндігінің келе бермеуімен;

су жүйесіндегі тимсіз әдістер;  
әлі де болса қол еңбегін талап етуіден;  
қант зауыттары мен шаруа қожалықтарының арасында ортақ келісімнің болмынан (шикізатты төмен багамен қабылдау;  
саладағы инновациялық жаңалықтарды айтпағанда қарапайым, салаға маңызды инфроқұрылымының жоқтығы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіның Статистика комитетінің еліміздегі қант қызылшасы егістік алқаптарының 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштерін 1-суретten көруге болады.



1-сурет – Қант қызылшасының 2018-2020 жылдардағы егіс алқаптары, мың га.

Ескерту: КР ҰӘМ Статистика агенттігі негізінде жасалған.


Әлеуметтік маңызды өнімге соңғы үш жылдағы бөлінген егіс алқаптарының мардымсыздығын көріп отырмыз. Қант қызылшасы саласының Алматы облысы бойынша 2019 жылмен салыстырғанда соңғы 2020 жылы 1,3 га ғана көбейген. Ал Жамбыл облысы бойынша мүлде даму жоқ. Соңғы қант қызылшасы саласын дамытудың тұжырымдамасы бойынша 2019 жылдан бұл өндірісті Павлодар облысында өсіру жоспарланып 0,6 га, 2020 жылы 1,8 га егіс алқабына өсірілген.

Осы алқаптардан тазаланғаннан кейінгі салмақтағы жиналған өнімнің көлемі 2-суретте берілген.

2-суретте қант қызылшасының түсімінің көрсеткіші саланың жалпы құлдырау деңгейін көрсетеді. 2019 жылғы қанттар-желтоқсан қант өндірісінің көлемі 252,9 мың тоннаны құрады – 2018 жылғы қанттар-желтоқсанға қарағанда бірден 10,7%-ға кем және Қазақстанға 238,9 мың тонна қант импортталды – бұл өткен жылдың бірінші жартышылдығына қарағанда 2,2 есе көп [4]. Отандық шикізатын тек 3 қант зауытында – Алматы облысындағы Қөксу, Ақсу қант зауыттары мен Жамбыл облысының Мерке қант зауытында өндеді. Жалпы 426 мың тонна қант қызылшасы жиналды, оның 411 мың тоннасы өндөліп, 44,6 мың тонна ақ қант өндірілген [5]. Қазақстанның қант өндірісі үшін шикізатқа қажеттілігі 500 мың тонна қажет етеді.

Жалпы қант қызылшасы шаруашылығы Алматы облысына қарағанда Жамбыл облысының көрсеткіштері өте төмен деңгейде. Қант қызылшасынан жоғары түсімді алу үшін қолданылатын сораттардың сапалылығы екінші фактор, себебі қолданылатын қант қызылшасының текті тұқымдарының тиімсіздігі.


КР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қант қызылшасы егістік алқабында көп қолданылатын қант қызышасының будандары туралы мәлімет 3-суретте көрсетілген [1]. Қазақстанда қант қызылшасын өсіруде қолданылатын будандардың мүлде отандық будандар пайдаланылмайды деген қорытынды шығады. Шетелдік сорттарының ішіндегі кеңінен қолданылатыны – ОДЕССКАЯ-25.



2-сурет – Қант қызылшасының 2018-2020 жылдардағы түсімі, мың т.

Ескерту: КР ҰЭМ Статистика агенттігі негізінде жасалған.

Отандық селекция сорттарының үлесі 0,2 %-ды ғана құрайды екен. Отданық сорттарға тек 0,1 – Айшолпан және 0,02 – КазСИБ 14 деген сорттары ғана қолданылады, бірақ олардың үлесі де тиісінше өте төмен. Бұл елімізде қант қызылшасынан селекциялық зерттеулердің жүргізілмеуі немесе оның тиімді болмауымен түсіндіріледі. Сонда қант қызылшасы шаруашылығы толығымен импорттық сорттарға тәуелділігін көрсетеді. Сорттардың басымынан көбісі Ресей мемлекетінен келеді. Қандай мемлекет болса да сапасы жоғары сорттарын өзінің шаруашылығына бәсекелестік тудырмау үшін нарыққа шығармауы әбден мүмкін.



3-сурет – Республиканың егістіктерінде пайдаланылатын қант қызылшасы будандары, мың га.

Ескерту: КР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтінің негізінде құрастырылған.

Жоғарыдағы көрсетілген мәселелерді онтайлы шешу жолдарының бірі, Жамбыл облысы мысалында, негізі бар қант шаруашылығын кластерлік жүйеде қайта жаңғырту ұсынылады.

Қазіргі кезде кластерлік саясат өнірлердегі сұранысы жоғары, болашағы бар салалардың бәсекеге қабілеттілігі мен инновациялығын арттырудагы тиімді жүйесі болып танылды.

Кластерді қалыптастыру сатысында маңыздылығы бойынша сараланған факторлардың келесі топтарын бөліп көрсетуге болады:

зерттелетін өнірдің ішінде және одан тыс жерлерде пайдаланылатын ғылыми-зерттеу, білім беру мекемелері мен өндірістік үйымдар жүргізген және сынақтан өткізген іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін бағалау;

адами ресурстар-біліктілік деңгейі тұрғысынан кадрлық әлеуетті және оны арттыру мүмкіндігін зерттеу;

инфрақұрылым – осы топтың факторларын мына бағыттар бойынша бағалау: технопарктер мен бизнес-инкубаторлар; көлік инфрақұрылымы; жылжымайтын мұлік; әлеуметтік сала объектілері;

табиғи және географиялық жағдайлар-табиғи-климаттық факторларды бағалау (агроөндіріс тұрғысынан) және географиялық жағдайын бағалау (басқа өнірлермен өзара іс-қимыл тұрғысынан);

қаржы ресурстары-үйымдардың капиталы, Мемлекеттік кредиттер және басқа өнірлер субъектілерінің инвестициялары есебінен қалыптасқан өнірдің қаржы ресурстарын бағалау;

аралас және қызмет көрсету салалары-ынтымақтастық үшін қолда бар немесе әлеуетті қосалқы және салааралық өндірістерді талдау;

азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бизнес-қызметтің жекелеген бағыттары бойынша елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өнірдің ықтимал үлесін бағалау (басым мақсаттарға қол жеткізу).

Жоғарыдағы келтірілген кластерді қалыптастыру сатысында маңыздылығы басым сараланған факторлардың Жамбыл облысының қант қызылшасы шаруашылығын экономикалық және әлеуметтік әлеуеттіне түйістіретін болсақ, облыстың қант қызылшасын кластерлік әдісте дамытудағы артықшылығы мен кемшілігінен төмендегі нәтижеге ие болады:

#### I. Артықшылығы:

облыстың қолайлы, жайлы табиғи-климаттық әлеуеттінің басымдылығы (агроөндіріс тұрғысынан да және географиялық орналасу жағдайындағы басқа облыстармен өзара қарым-қатынас тұрғысынан да);

суғармалы егіс алқаптарының басымдылығы;

адами ресурстардың мол әлеуеттінің басымдылығы;

инфрақұрылым әлеуеттінің жеткілікті деңгейдегі басымдылығы;

қаржы ресурстарының әлеуеті;

қант қызылшасын өсірумен шаруашылықтың барлық санаттары бойынша – 5599,8 шаруашылық, олардың 1140,0 - ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен 4459,8 шаруа қожалықтары немесе фермелір қожалықтар айналысады. (1980 жылдары Жамбыл облысында тек қант қызылшасына маманданған негізгі 3 аудан болған: Қордай (егіс алқабы – 9000 га); Меркі (8200 га); Шу (7800 га) және Свердлов (қазіргі Байзақ – 6200 га) аудандары және үлесі төмен 2 аудан: Жамбыл (2600 га); Т.Рысқұлов (3000 га). 1 гектар егіс алқаптарынан – 297 центнер өнім алынған, Облыста қант қызылшасына маманданған шаруашылықтың жалпы саны 36 – савхоздар мен калхоздардан құралған);

қант қызылшасын өндөйтін зауттардың болуы.

#### II. Кемшілігі:

қант қызылшасы шаруашылығы бойынша іргелі ғылыми-зерттеу және қолданбалы зерттеулердің жүргізілмеуі немесе олардың нәтижелерінің тиімсіздігі;

қант қызылшасы егіс алқаптарының өндеуінен бастап, оған тұқымды себу, өсіру, жинаудағы дейінгі технологиялық процесстің ескіргені, тұрпалы техниканың болуы және оның мұлде жаңармауы мен әлі де болса қол еңбегін талап етуде;

қант қызылшасы тұқымының отандық сорттарының тұсімділігінің төмендігі (90% шетелдік тұқымға тәуелді болуымен);

егіс алқаптарына енгізілетін тыңайтқыштардың шет елдерден сатылып алынуы және бағасының қыматтылығынан шаруа қожалықтарының мүмкіндігінің келе бермеуімен тиесінше тыңайтқыштардың аз қолданылуы;

шикізатты сақтаудың ұзақ мерзімді технологиялары енгізілген қоймалардың жоқтығы (қызылшаны ұзак сақтау технологиясы бүгінгі күні тек АҚШ-таған қолданылады.

Су жүйесіндегі қурделі мәселелердің болуымен және сугарудың тиімсіз әдістерінің қолданылуы;

осы салада кәсіби мамандардың болмауы, мысалы, 2019 жылдағы Жамбыл облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті мен М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеттің оқу бағдарламалары негізінде жасалған 1 кестеде Жамбыл облысындағы ЖОО-дар мен колледжтер саны және олардағы ауыл шаруашылығына тиісті мамандықтары берілген. Сонда Жамбыл облысында 6 – ЖОО-ны мен 45 колледждер жұмыс жасайды. Олардың тек 1 ғана ЖОО-ны «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде» агрономия, су ресурстары және суды пайдалану (мелиорация және суармалы жерлер) және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы бойынша мамандықтары бар [6,7]. Ал 45 колледждің маман дайындаудың осы салаға мұлде қатысы жоқ.

1-кесте – Жамбыл облысындағы ЖОО-дар мен колледжтер саны және олардағы ауыл шаруашылығына тиісті мамандықтары (2019 ж.)

№	Аудандар	ЖОО саны	Колледждер саны	Ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар даярлау бағыттары
1	Жамбыл облысы бойынша	6	45	1 (ЖОО)
2	Жамбыл	–	1	–
3	Жуалы	–	1	–
4	Байзак	–	1	–
5	Т.Рысқұлов	–	1	–
6	Талас	–	3	–
7	Сарысу	–	3	–
8	Мойынұқым	–	1	–
9	Меркі	–	2	–
10	Шу	–	4	–
11	Қаратай қ.	–	4	–
12	Жанатас қ.	–	2	–
13	Тараз қ.	6	23	1
М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті		6B081-Агрономия 6B086 – Су ресурстары және суды пайдалану (мелиорация және суармалы жерлер) 6B08112 – Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы		

*Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2019 жылдардағы Жамбыл облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеттің оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған.*

Жоғарыдағы сарапталған мәселелер бойынша Жамыл облысында қант қызылшасы шаруашылығының қазіргі қалыптасқан жағдайындағы артықшылықтарынан әрине кемшіліктің басымдылығы анықталған. Осы нәтиже ел қауіпсіздігінің экономикалық көрсеткіштерінің шекті мәндеріне сәйкес азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етудің онтайлы деңгейі – 75% болса, Қазақстанда 2018 жылдың қорытындысы бойынша қант өнімі бойынша бұл көрсеткіш 49%-ды құрады.

Қант-стратегиялық маңызы бар өнім. Егер астық 1 нөмірімен жүрсе, онда қант – 3 нөмірімен. Қазақстанда азық-түлікпен өзін-өзі толықтай болмасада 70%-ға қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қолдаудың нәтижелі бағдарламасы қажет.

Әйткені осы уақытқа дейінгі қант қызылшасы шаруашылығы тарапынан қабылданған бағдарламалардың нәтижесінде Қазақстан қант өнімінен 90% импортқа тәуелді болып шықты. Ишкі сұраныстың 10%-ы ғана жабылған.

Сондықтан жалпы Қазақстанның және Жамбыл облысының қант қызылшасы мен қант өндірісі нарығындағы қазіргі қалыптасқан даму жағдайына экономикалық түрғыда зерттеулер жасадық.

Себебі осы мәселені зерттеуде бізді бірнеше сұрақтар мазалады, дәлірек көлтірсек:

дәл қазір Қазақстанның қант импортына деген 90% тәуелділігі және ішкі сұраныстың тек мардымсыз 10% дағы қамтамасыз етілуі;

іргелі дамыған өндірістің тарихында өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Жамбыл облысында қант қызылшасын 42 мың гектардан астам алқапта егілген; өнімділігі орташа есеппен гектарынан 300-ден 900 центнерге дейін өнім алғаны; қант қызылшасын өсіруден тек Жамыл облысының өзінен 60-тан астам Социалистік Еңбек Ері шыққаны; ал 1967 жылы Жамбыл облысы **1 250 000 тонна** қант қызылшасының рекордтық өнімі үшін Ленин орденімен марапатталды деген жетістіктердің болғаны тарихтан белгілі. Кеңес дәүіріндегі жанданып, дамып тұрған қант шаруашылығы мен қант өндірісінің осындай қол жеткізген жетістігін одан әрі дамытып, XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті дамыған өндірісінің деңгейінде дамытудың орнына, оның осыншама құлдырауының себебін зерттедік.

Ізденіс зерттеулерінен шыққан қорытынды төмендегі 2-кестеде берілген:

2-кесте – 2019 жылғы Жамбыл облысының  
қант қызылшасы мен өндірілген қант өніміндегі зерттеулердің нәтижесі

Жамбыл облысының халқының саны – <b>1 125 000 мың адам</b>	
Егіс алқабы	<b>6810 мың га</b>
Жиналған өнімі	<b>230 -250 ц/га = 18.000 тыс тонн.</b>
Қант қызылшасынан өндірілген қант	<b>2250 тонн</b>
Импорт мен қосқандығы өндірілген қант	<b>157 100 мың тонна</b>
Ішкі нарықта жылына тұтыну	<b>43 755,00 тонна</b>
Жылына жан басына шаққанда тұтыну	36,56 кг
Айына жан басына шаққанда тұтыну	3,05 кг
Облыстағы 1 кг қанттың бағасы	240 тенге
Түскен табысы	<b>23 565 000 мың тенге</b>
Сырты нарыққа шығарылғаны	<b>113 345,00 мың тонна</b>
